

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1993 жылғы 20 шілдедегі N 630 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1999 жылғы 23 шілде N 1052. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.03.01. N 187 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Әкімшілік шығыстарды қысқарту және 1999 жылғы мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігін ұлғайту жөніндегі шаралар туралы" 1999 жылғы 1 ақпандағы N 5 өкіміне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қызмет бабымен шетелге шығудың тәртібі мен шетелдік іссапарларға валюта қаржысының жұмсалуды бақылауды күшейту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1993 жылғы 20 шілдедегі N 630 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 29, 352-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қызмет бабымен шетелге шығудың тәртібі  
т у р а л ы е р е ж е д е :

5-тармақтағы "ұйымдардың басшылары" деген сөздерден кейін "мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын іссапарларды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. "Лауазымды тұлғаларды мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен шетелге іссапарға жіберу Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдері бойынша жүзеге асырылады".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*